

Салық төлеуші мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 желтоқсан N 1672 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Салық төлеуші мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту ережесі бекітілсін.

2. "Салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 591 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 16, 135-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1672 қаулысымен
бекітілген

Салық төлеуші мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді әрі салықтарды (төлем көзінен ұсталатын

салықтардан және акциздерден, импортталатын тауарларға қосылған құн салығынан басқа) төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту тәртібін анықтайды.

2. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушінің мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы жүргізіледі.

3. Салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім қабылдау құзыретіне кіретін органдар:

1) республикалық бюджетке түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды төлеу бойынша - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті; <*>

2) толық көлемде жергілікті бюджеттерге түсетін салықтарды төлеу бойынша - жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша салық төлеушіні тіркеу есебіне алған жердегі салық органы.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

2. Салық төлеуші мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту тәртібі

4. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдері салық төлеушінің негізделген өтініші негізінде неғұрлым кеш, бірақ күнтізбелік жылдың 10 айынан аспайтындай мерзімге өзгертілуі мүмкін. Негізделген өтініш деп салық төлеушінің салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуге осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса тіркей отырып, салықтарды төлеу мерзімін ауыстыру себебі баяндалған жазбаша өтініші түсініледі.

5. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту немесе салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы шешім салық төлеушінің өтінішін алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей қабылданады.

6. Салық төлеуші өтінішіне мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

2) салық төлеуші бюджетке салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш беру күніне дейін 15 күннен ерте емес салық органы берген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу жай-күйі туралы дербес есепшоттан өтініште көрсетілген салықтар бойынша берешегі бар екендігін растайтын көшірме;

3) кепіл шарты немесе банк кепілдігі және салықтар мен өсімді бюджетке төлеу мерзімдерін белгілейтін әрі осы шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын салық берешегін өтеу кестесі;

4) салық төлеуші салықтарды бюджетке төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтінішті беру кезіне кепіл мүліктің нарықтық құны туралы есеп.

7. Кепіл шарты салық төлеуші мен салық төлеушіні тіркеу есебіне алған жер бойынша тиісті салық органы арасында мынадай шарттарда жасалады:

1) кепілге берілетін мүлік өтімді болуға тиіс және оның нарықтық құны оны өндіріп алу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, бюджетке төленуге тиісті салық берешегі сомасынан аз болмауға тиіс. Салық төлеушінің мынадай мүлкі кепіл мәні бола алмайды:

энергияның электр, жылу және өзге де түрлері;
өзге міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін салынған заттар;
тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдері;
мүлдіктік құқықтар;

2) кепілге беретін мүлік кепіл берушіде болады. Кепілге берілген мүлікті қайта кепілге салуға жол берілмейді;

3) заңнамалық кесімдерде кепіл шартын міндетті мемлекеттік тіркеу көзделген жағдайларда салық төлеуші кепіл шарты жасалғаннан кейін тиісті тіркеуші органда оның тіркелуін қамтамасыз етеді және салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдау құзыретіне жататын органға табыс етеді;

4) кепілге берілетін мүлік өндіріп алуға қойылған жағдайда, өткізу соттан тыс мәжбүрлеу тәртібімен жүзеге асырылады.

8. Кепілдік беруші банк пен салық төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шартын, салық төлеуші, салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдау құзыретіне жататын органға, егер тіркеу заңнамамен көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінде тіркелгеннен кейін табыс етеді. Банк кепілдігі тұрақты болуы тиіс.

9. Салық төлеуші салық берешегін өтеу кестесіне сәйкес салық берешегін ө т е й д і .

10. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім жобасын жергілікті атқарушы органмен келісу 3 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Шешім жобасын қарау қорытындысы бойынша келісуші орган бірінші басшының не оны ауыстыратын адамның қол қоюымен жауаптың мынадай нұсқаларының бірін беруі тиіс:

1) жоба келісілді (жобаға бұрыштама қойылады);

2) жобаны келісуден бас тартылды (дәлелді жауап қоса беріледі).

ЕСКЕРТУ. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695
қ а у л ы с ы м е н .

11. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы шешім мынадай мән-жайлар болған ретте ш ы ғ а р ы л у ы т и і с :

1) кепілге берілетін мүліктің нарықтық құны, өндіріп алу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, бюджетке төленуге тиісті салық берешегі сомасынан а з б о л у ы ;

2) осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың болмауы;

3) кепіл шарты немесе банк кепілдігі мазмұнының осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес к е л м е у і ;

4) жергілікті атқарушы органның келісімі болмауы. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695
қ а у л ы с ы м е н .

12. Салық төлеушінің мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК